

Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2013 жылғы 7 наурыздағы № 224 қаулысы. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2014 жылғы 10 қарашадағы № 1182 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2014.11.10 № 1182 (01.01.2017 ж. бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қоса беріліп отырған Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне енгізілетін өзгерістер мен толықтырулар бекітілсін.
2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі және ресми жариялануға тиіс.

<i>Премьер-Министрі</i>	<i>Қазақстан Республикасының</i>		
Қ а з а қ с т а н	<i>С. Ахметов</i>		
Ү к і м е т і н і ң	Р е с п у б л и к а с ы		
2 0 1 3	ж ы л ғ ы	1 1	н а у р ы з д а ғ ы
№ 2 2 4	қ а у л ы с ы м е н		
бекітілген			

Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне енгізілетін өзгерістер мен толықтырулар

1. «Дағдарыстан кейін қалпына келтіру (бәсекеге қабілетті кәсіпорындарды сауықтыру) бағдарламасын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2011 жылғы 4 наурыздағы № 225 қаулысында: көрсетілген қаулымен бекітілген Дағдарыстан кейін қалпына келтіру (бәсекеге қабілетті кәсіпорындарды сауықтыру) бағдарламасында: «Кіріспе» деген 2-бөлімде: жетінші бөлік мынадай редакцияда жазылсын: «Берешегі осы сомадан кемді құрайтын бәсекеге қабілетті кәсіпорындар Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2010 жылғы 13 сәуірдегі № 301 қаулысымен бекітілген «Бизнестің жол картасы 2020» бағдарламасы (бұдан әрі - «Бизнестің жол картасы 2020» бағдарламасы) шеңберіндегі мемлекеттік қолдауды пайдалана алады. «Бизнестің жол картасы 2020» бағдарламасы бойынша субсидиялау

түрінде қолдау шараларын алған кәсіпорындар Бағдарламаның талаптарына сәйкес келген жағдайда, оған қатыса алады. Бұл ретте, мұндай кәсіпорындар Бағдарлама бойынша мемлекеттік қолдау шараларын алғанға дейін «Бизнестің жол картасы 2020» бағдарламасы шеңберінде жасалған субсидиялау шартын б ұ з у ы қ а ж е т . » ;

он тоғызыншы бөлік мынадай редакцияда жазылсын:

«Бұл ретте қаржы ұйымдарымен қаржыландыру туралы келісімдер 2012 жылғы 1 қаңтардан кешіктірілмей жасалуы тиіс және 2011 жылғы 1 қаңтарға (не 2013 жылғы 1 қаңтардан бастап 2013 жылғы 1 сәуірге дейінгі кезеңде Бағдарламаға қатысуға өтініш берген кәсіпорындар бойынша 2012 жылғы 1 қаңтарға) қарыздардың жалпы сомасы 4 500 000 000 (төрт миллиард бес жүз миллион) теңгені құрауы тиіс (2012 жылғы 1 қаңтардан кешіктірмей туындаған бұрын қабылданған міндеттемелерді қайта қаржыландыру жағдайларын қоспағанда) және олар бойынша болашақта оларды қайта құрылымдаусыз орындау проблемалы болып есептеледі деген негіздер болуы тиіс.»;

жиырма бірінші бөлік мынадай редакцияда жазылсын:

«Бағдарламаға жоғарыда көрсетілген талаптарға сәйкес келетін, «Банкроттық туралы» Заңға сәйкес сот шешімінің негізінде оңалту рәсімі қолданылған кәсіпорындар қ а т ы с а а л а д ы . » ;

жиырма екінші бөліктің:

үшінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

«Салалық органдар - Қазақстан Республикасы Экономика және бюджеттік жоспарлау министрлігі, Қазақстан Республикасы Өңірлік даму министрлігі, Қазақстан Республикасы Индустрия және жаңа технологиялар министрлігі, Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі, Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникация министрлігі, Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі, Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігі, Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігі, Қазақстан Республикасы Спорт және дене шынықтыру істері агенттігі және б а с қ а л а р . » ;

оныншы абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

« Х о л д и н г – б ұ л :

ұйымдық-құқықтық нысандарына қарамастан, акцияларының (қатысу үлестерінің) елу пайыздан астамы бір меншік иесіне тиесілі компаниялар тобы;

ұйымдық-құқықтық нысандарына қарамастан, кәсіпорын және акцияларының (қатысу үлестерінің) елу пайыздан астамы осы кәсіпорынға тиесілі компаниялар т о б ы ;

ұйымдық-құқықтық нысандарына қарамастан, бір қаржы ұйымының алдындағы бірыңғай кредиттік желі бойынша немесе шартпен біріктірілген

компаниялар тобы.»;

жиырмасыншы абзацы мынадай редакцияда жазылсын:
«Субсидиялау жөніндегі оператор - Қазақстан Республикасының Үкіметі
айқындаған заңды тұлға, оған:

қаржы ұйымдарына кредиттер және/немесе лизингтік операциялар бойынша
пайыздық ставканы, облигациялар бойынша купонды субсидиялау шеңберінде
ақша қаражатын аудару;

пайыздық ставканы субсидиялау бөлігінде Бағдарламаны іске асыру
мониторингі жөніндегі міндеттер жүктелген.»;

«Бағдарламаның мақсаты, міндеттері, нысаналы индикаторлары және іске
асыру нәтижелерінің көрсеткіштері» деген 4-бөлімде:

«Бағдарламаны іске асыру нәтижелерінің көрсеткіштері» деген кіші бөлімде:

3 - т а р м а қ т а :

тоғызыншы бөлік мынадай редакцияда жазылсын:

«Бағдарламаға қатысуға кредит берушілердің келісімін алып, кәсіпорын
мыналарды:

Кредит берушілер комитетінің кәсіпорынның Бағдарламаға қатысуына
келісім беру туралы шешімінің көшірмесін,
оң сараптау қорытындысын,

берілген қарыздарды (кредиттерді) проблемалы қарыздарға жатқызу
мүмкіндігін растай отырып, қаржы ұйымдарының 2011 жылғы 1 қаңтардағы
жағдай бойынша (не 2013 жылғы 1 қаңтардан бастап 2013 жылғы 1 сәуірге
дейінгі кезеңде Бағдарламаға қатысуға өтініш берген кәсіпорындар бойынша
2012 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша) кәсіпорынның жиынтықта 4 500 000
000 (төрт миллиард бес жүз миллион) теңгені құрауы немесе одан артық болуға
тиіс берешегінің бар екені туралы үзінді көшірмелерін не облигация ұстаушылар
туралы тіркеушінің мәліметтерін,

қатысуға өтініш берген күннің алдындағы кемінде бір ай бұрын берілген
кәсіпорын жарғысының нотариалды расталған көшірмесін және акционерлік
қоғам тіркеушісінің үзінді көшірмесін қоса бере отырып, белгіленген нысандағы
өтінішпен Сауықтыру кеңесінің жұмыс органына жүгінеді.»;

он бірінші бөлік мынадай редакцияда жазылсын:

«Әлеуетті қатысушылардың өтініштерін қабылдау 2013 жылғы 1 сәуірге
дейін жүзеге асырылады. Егер Бағдарламаға Бағдарлама талаптарына сәйкес
келетін және холдингке кіретін бірнеше кәсіпорын қатысқан жағдайда,
сараптамалық қорытындыны алуға және қатысуға арналған құжаттар, оларды
басқарушы компанияның атынан тапсырылуы мүмкін.»;

он бесінші бөлік мынадай редакцияда жазылсын:

«Сауықтыру кеңесінің жұмыс органы ұсынылған құжаттардың толықтығы

тұрғысынан оларды 5 жұмыс күні ішінде қарайды және кәсіпорынды екінші кезеңге қатысуға жіберу немесе кері қайтару туралы шешім шығарады.»;

мынадай мазмұндағы 1) тармақшаның төртінші бөлігімен толықтырылсын:

«Сауықтыру жоспарын әзірлеу үшін консультант көрсететін қызметтердің құнын төлеуге республикалық бюджеттен қоса қаржыландыру тиісті қаржы жылына көзделген қаражат шеңберінде жүзеге асырылады.»;

2) тармақшаның үшінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

«Уәкілетті орган консультант қызметтерінің құнын төлеуге республикалық бюджеттен қоса қаржыландыруды жүзеге асыруға өтінімді алған күнінен бастап үш жұмыс күні ішінде өтінімде көрсетілген сома негізінде төлеуге берілетін шотты қалыптастырады және ақшалай қаражаттың сомасын консультанттың банктік шотына аударуды жүзеге асырады. Егер тиісті қаржы жылында қоса қаржыландыруды жүзеге асыруға арналған қаражат көзделмеген жағдайда, өтінімді қайтару себебі көрсетіле отырып, әлеуетті қатысушыға оны алған күнінен бастап үш жұмыс күні ішінде қайтарылуға жатады.»;

3) тармақшаның бірінші бөлігінің бірінші абзацы мынадай редакцияда ж а з ы л с ы н :

«3) Оңалту (сауықтыру) жоспарын консультант немесе әлеуетті қатысушы негізгі кредит берушімен бірлесіп, оңалту (сауықтыру) жоспарын әзірлеуге шарт жасасқан күнінен немесе екінші кезеңге қатысуға жіберілгеннен бастап 6 айдан аспайтын мерзімде, бірақ 2013 жылғы 1 шілдеден кешіктірмей әзірлейді және оны Кредит берушілер комитеті бекітеді, ол:»;

б) тармақшаның бірінші бөлігінің бірінші абзацы мынадай редакцияда ж а з ы л с ы н :

«б) Сауықтыру кеңесінің жұмыс органы әлеуетті қатысушылардың құжаттар кестесін Сауықтыру кеңесінің қарауына жібергенге дейін:»;

4 - т а р м а қ т а :

е к і н ш і б ө л і к т е :

1) тармақшаның бірінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

«1) кредит берушілер тарапынан қолдау (шаралар Бағдарламаны іске асыру кезінде көрсетілуі тиіс):»;

3) тармақшаның екінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

«қазіргі бар қарыздар (кредиттер) және/немесе лизингтік операциялар бойынша пайыздық ставканы, облигациялар бойынша купонды субсидиялау;»;

бесінші бөлік мынадай редакцияда жазылсын:

«Сот кәсіпорынды банкрот деп тану туралы кредиторлардың талап арыз беруіне мораторийді көздейтін жеделдетілген оңалту рәсімін енгізу туралы шешімі алынып, ол Сауықтыру кеңесінің жұмыс органына ұсынылғаннан кейін ақшалай сипаттағы мемлекеттік қолдау шаралары Қазақстан Республикасының

заңнамасына сәйкес тіркеледі және уәкілетті органның, Бағдарламаға қатысушының, меншік иесінің (меншік иелерінің), субсидиялау бойынша оператор мен кредиторлардың арасында жасалатын шарттарда өтеу кестелерін қоса бере отырып, ресімделеді.»;

мынадай мазмұндағы алтыншы бөлікпен толықтырылсын:

«Субсидиялау шартына қол қойылғаннан кейін оңалту (сауықтыру) жоспарына субсидиялау шартының ажырамас бөлігі болып табылатын өтеу кестесінде нақты көрсетілген соманы есепке ала отырып, өзгерістер және (немесе) толықтырулар енгізіледі және кейіннен Сауықтыру кеңесінде қарамастан және мақұлдамастан кредиторлар комитетінің шешімімен бекітіледі. Бұл ретте, кредит берушілер мен меншік иелері тарапынан қолданылатын шаралар азайтылуға ж а т п а й д ы . » ;

тоғызыншы бөлік мынадай редакцияда жазылсын:

«Кредиттер және/немесе лизингтік операциялар бойынша пайыздық ставканы, облигациялар бойынша купонды субсидиялауды қаржыландыру үшін қажетті ақшалай қаражатты жоспарлауды, сондай-ақ мемлекеттік қолдау және консультанттар қызметтерінің құнын төлеуді қоса қаржыландыру бойынша бюджеттік бағдарламаларды әкімшілендіруді уәкілетті орган жүзеге асырады.»;

он бірінші бөлік мынадай редакцияда жазылсын:

«Пайыздық ставканы субсидиялау тек қана кредиттер және/немесе лизингтік операциялар, облигациялар купоны бойынша жүзеге асырылады. Бұл ретте, қаржыландыру туралы келісімдер 2011 жылғы 1 қаңтардан кешіктірілмей жасалуы тиіс және қарыздардың жалпы сомасы 2011 жылғы 1 қаңтардан кешіктірмей (не 2013 жылғы 1 қаңтардан бастап 2013 жылғы 1 сәуірге дейінгі кезеңде Бағдарламаға қатысуға өтініш берген кәсіпорындар бойынша 2012 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша) туындаған бұрын қабылданған міндеттемелерді қайта қаржыландыру жағдайларынан басқа, 2011 жылғы 1 қаңтарға 4 500 000 000 (төрт миллиард бес жүз миллион) теңгені құрауы немесе одан жоғары болуы тиіс (валюталар бағамы Бағдарлама іске асырылатын бүкіл кезеңге 2011 жылғы 1 қаңтардағы мән деңгейінде тіркеліп қалады).»;

он үшінші бөлік алынып тасталсын;

б - т а р м а қ т а :

бірінші, екінші, үшінші және төртінші бөліктер мынадай редакцияда ж а з ы л с ы н :

«6. Бағдарламаға қатысушылардың оңалту (сауықтыру) жоспарларын тиімді іске асыру мақсатында Сауықтыру кеңесінің Жұмыс органы мемлекеттік сатып алу туралы заңнамаға сәйкес конкурстық негізде Бағдарламаға қатысушылардың оңалту (сауықтыру) жоспарларының іске асырылуын кешенді және жүйелі мониторинг жүргізу үшін мониторинг жөніндегі консалтингтік компанияларды

т а р т а д ы .

Бағдарламаға қатысушыларды оңалту (сауықтыру) жоспарларының іске асырылу мониторингі оны іске асырудың екінші жылынан бастап оңалту (сауықтыру) бағдарламасының бүкіл мерзімі бойына жыл сайын жүргізілетін б о л а д ы .

Оңалту (сауықтыру) жоспарларының іске асырылу мониторингінің нәтижелері мүдделі тараптардың оңалту (сауықтыру) жоспарларын орындау, оңалту (сауықтыру) жоспарының нәтижелеріне қол жеткізу жөніндегі қорытындыларды қамтуы тиіс, ал олар орындалмаған (қол жеткізілмеген) жағдайда себептер көрсетіледі және ахуалды түзету, болашақ кезеңде тараптардың міндеттемелерін орындау жөніндегі ұсынымдар беріледі.

Бағдарламаға қатысушылардың оңалту (сауықтыру) жоспарларының іске асырылуын мониторингілеу нәтижелерін Жұмыс органы жылына кемінде бір рет Сауықтыру кеңесіне шығарады.

Оңалту (сауықтыру) жоспарларын, оның ішінде ахуалды түзету, болашақ кезеңде тараптардың міндеттемелерін орындау жөніндегі ұсынымдарды іске асыру мониторингі нәтижелерінің негізінде Сауықтыру кеңесі қатысушыны Бағдарламадан алып тастау (алып тастамау) туралы шешім шығарады.

Сауықтыру кеңесінің шешімі ол қабылданған сәттен бастап 15 жұмыс күні ішінде Бағдарламаға қатысушыға жеткізіледі.»;
жетінші бөлік мынадай редакцияда жазылсын:

«Бағдарламаны іске асыру барысында субсидиялау жөніндегі оператор ай сайынғы негізде пайыздық ставканы субсидиялау шеңберінде Бағдарламаның іске асырылуына мониторинг жүргізеді және Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2011 жылғы 8 қыркүйектегі № 1031 қаулысымен бекітілген Дағдарыстан кейін қалпына келтіру бағдарламасы (бәсекеге қабілетті кәсіпорындарды сауықтыру) шеңберінде сыйақының пайыздық ставкасын субсидиялау қағидасында белгіленген нысандар мен мерзім бойынша ақпаратты Сауықтыру кеңесінің Жұмыс органына береді.»;

«Бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары» деген 7-бөлімде: реттік нөмірі 10-жол мынадай редакцияда жазылсын:

«

10	Бағдарламаға әлеуетті қатысушылардың өтініштерін қабылдау	Жұмыс органы (Қаржымині), әлеуетті қатысушылар	Бағдарламаға қатысуға арналған өтініш	2013 жылғы сәуірге дейін
----	---	--	---------------------------------------	--------------------------

»;

реттік нөмір 16-жол мынадай редакцияда жазылсын:

«

--	--	--	--	--

16	Қатысушыларды оңалту (сауықтыру) жоспарларының іске асырылу мониторингі	(Қаржымині Консалтингтік ұйымдар	Сауықтыру кеңесіне ақпарат беру	Жыл сайын (жылдан баста
----	---	----------------------------------	---------------------------------	-------------------------

».

2. «Сауықтыру жөніндегі кеңес құру туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2011 жылғы 17 маусымдағы № 660 қаулысында: көрсетілген қаулымен бекітілген Сауықтыру жөніндегі кеңес туралы ережеде:

4 - т а р м а қ т а :

4) тармақша мынадай редакция жазылсын:

« 4) м ы н а д а й :

Жұмыс органына кредиторлардың кәсіпорынды банкрот деп тану туралы талап арыз беруіне мораторий енгізу туралы сот шешімі ұсынылмаған жағдайда;

Бағдарламаны іске асыру мониторингі барысында субсидиялау бөлігінде қатысушының өтеу кестесі бойынша кредит, лизингтік операциялар немесе облигациялар жөніндегі купон, оның ішінде сыйақы ставкасының субсидияланбайтын бөлігі бойынша күнтізбелік тоқсан күннен асатын мерзімі өткен төлемдерді төлемегені анықталған жағдайда, қатысушыларды Бағдарламадан шығару туралы шешім қабылдайды;»;

мынадай мазмұндағы 4-1-тармақшамен толықтырылсын:

«4-1) оңалту (сауықтыру) жоспарларын, оның ішінде ахуалды түзету, болашақ кезеңде тараптардың міндеттемелерін орындау жөніндегі ұсынымдарды іске асыру мониторингі нәтижелерінің негізінде қатысушыларды Бағдарламадан алып тастау (алып тастамау) туралы шешім қабылдайды;»;

10-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«10. Кеңес материалдарды Кеңестің жұмыс органы енгізген күнінен бастап 15 жұмыс күні ішінде қарайды және шешім қабылдайды.».

3. «Салалық органдардың кәсіпорынның Дағдарыстан кейін қалпына келтіру бағдарламасының (бәсекеге қабілетті кәсіпорындарды сауықтыру) талаптарына сәйкестігіне сараптамалық қорытынды беру қағидасын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2011 жылғы 27 маусымдағы № 711 қаулысында (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 2011 ж., № 43, 569-құжат):

көрсетілген қаулымен бекітілген Салалық органдардың кәсіпорынның Дағдарыстан кейін қалпына келтіру бағдарламасының (бәсекеге қабілетті кәсіпорындарды сауықтыру) талаптарына сәйкестігіне сараптамалық қорытынды б е р у қ а ғ и д а с ы н д а :

2-тармақтың 2) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

«2) Салалық органдар – Қазақстан Республикасы Экономика және бюджеттік жоспарлау министрлігі, Қазақстан Республикасы Өңірлік даму министрлігі, Қазақстан Республикасы Индустрия және жаңа технологиялар министрлігі,

Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі, Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникация министрлігі, Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі, Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігі, Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігі, Қазақстан Республикасы Спорт және дене шынықтыру істері агенттігі және б а с қ а л а р . » .

4. «Дағдарыстан кейін қалпына келтіру бағдарламасы (бәсекеге қабілетті кәсіпорындарды сауықтыру) шеңберінде консультанттардың қызметтеріне ақы төлеуді республикалық бюджеттен бірлесіп қаржыландыру қағидасын бекіту және «Дағдарыстан кейін қалпына келтіру бағдарламасын (бәсекеге қабілетті кәсіпорындарды сауықтыру) бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2011 жылғы 4 наурыздағы № 225 қаулысына толықтыру енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2011 жылғы 9 шілдедегі № 783 қаулысында (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 2011 ж., № 46, 621-құжат):

көрсетілген қаулымен бекітілген Дағдарыстан кейін қалпына келтіру бағдарламасы (бәсекеге қабілетті кәсіпорындарды сауықтыру) шеңберінде консультанттардың қызметтеріне ақы төлеуді республикалық бюджеттен бірлесіп қаржыландыру қағидасында: мынадай мазмұндағы 3-1-тармақпен толықтырылсын:

«3-1. Сауықтыру жоспарын әзірлеу үшін консультант қызметтерінің құнын төлеуге республикалық бюджеттен бірлесіп қаржыландыру тиісті қаржы жылына көзделген қаражат шеңберінде жүзеге асырылады.»;

7-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«7. Уәкілетті орган консультант қызметтерінің құнын төлеуді республикалық бюджеттен бірлесіп қаржыландыруды жүзеге асыруға арналған өтінімді алған күнінен бастап үш жұмыс күні ішінде өтінімде көрсетілген соманың негізінде төлеуге берілетін шотты қалыптастырады және ақшалай қаражат сомасын консультанттың банктік шотына аударуды жүзеге асырады. Егер, тиісті қаржы жылында қоса қаржыландыруды жүзеге асыруға қаражат көзделмеген жағдайда, уәкілетті орган оны алған күнінен бастап үш жұмыс күні ішінде қайтару себебін көрсете отырып, әлеуетті қатысушыға өтінімді қайтарады.».

5. «Дағдарыстан кейін қалпына келтіру бағдарламасы (бәсекеге қабілетті кәсіпорындарды сауықтыру) шеңберінде сыйақының пайыздық ставкасын субсидиялау қағидасын бекіту және «Дағдарыстан кейін қалпына келтіру бағдарламасын (бәсекеге қабілетті кәсіпорындарды сауықтыру) бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2011 жылғы 4 наурыздағы № 225 қаулысына толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2011 жылғы 8 қыркүйектегі № 1031 қаулысында (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 2011 ж . , № 53 , 755 - қ ұ ж а т) :

көрсетілген қаулымен бекітілген Дағдарыстан кейін қалпына келтіру бағдарламасы (бәсекеге қабілетті кәсіпорындарды сауықтыру) шеңберінде сыйақының пайыздық ставкасын субсидиялау қағидасында:

1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«1. Осы Дағдарыстан кейін қалпына келтіру бағдарламасы (бәсекеге қабілетті кәсіпорындарды сауықтыру) шеңберінде сыйақының пайыздық ставкасын субсидиялау қағидасы (бұдан әрі - Қағида) Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2011 жылғы 4 наурыздағы № 225 қаулысымен бекітілген Дағдарыстан кейін қалпына келтіру бағдарламасына (бәсекеге қабілетті кәсіпорындарды сауықтыру) (бұдан әрі - Бағдарлама) сәйкес әзірленді және кредиттер және (немесе) лизингтік операциялар бойынша сыйақының пайыздық ставкасын, облигациялар бойынша купонды субсидиялау тәртібін айқындайды.»;

2 - т а р м а қ т а :

сегізінші, тоғызыншы, оныншы, он бірінші және он екінші абзацтар мынадай редакцияда жазылсын:

«субсидиялау жөніндегі оператор – Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындаған заңды тұлға, оған:

кредиттер және (немесе) лизингтік операциялар, облигациялар бойынша купонды субсидиялау шеңберінде қаржы ұйымдарына ақша қаражатын аудару;

субсидиялау бөлігінде Бағдарламаның іске асырылуын мониторингілеу жөніндегі міндеттер жүктелген;

субсидиялау шарты – уәкілетті органның, субсидиялау жөніндегі оператордың, меншік иесінің (меншік иелерінің), қаржы ұйымының (облигацияларды ұстаушы) және қатысушының арасында жасалатын жазбаша келісім, оның талаптары бойынша субсидиялау жөніндегі оператор қатысушы қаржы ұйымына кредиттер және (немесе) лизингтік операциялар бойынша сыйақы, облигациялар бойынша купон ретінде төлейтін шығыстарды ішінара өтеуге арналған ақшалай қаражатты аударарды;

субсидиялау – кредиттер және (немесе) лизингтік операциялар бойынша сыйақы, облигациялар бойынша купон ретінде қаржы ұйымының қатысушысы төлейтін шығыстарды ішінара өтеу үшін пайдаланылатын мемлекеттік қаржылық қолдау нысаны; »;

3-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«3. Пайыздық ставканы субсидиялау кредиттер және/немесе лизингтік операциялар, облигациялар купоны бойынша ғана жүзеге асырылады. Бұл ретте, қаржыландыру туралы келісімдер 2011 жылғы 1 қаңтардан кешіктірілмей жасалуы тиіс және 2011 жылғы 1 қаңтардағы қарыздардың жалпы сомасы (не 2013 жылғы 1 қаңтардан 2013 жылғы 1 сәуір мерзімі арасында Бағдарламаға қатысуға өтініш берген кәсіпорындар бойынша 2012 жылғы 1 қаңтардағы) 2012

жылғы 1 қаңтардан кешіктірмей туындаған бұрын қабылданған міндеттемелерді қайта қаржыландыру жағдайларынан басқа, 4 500 000 000 (төрт миллиард бес жүз миллион) теңгені құрауы немесе одан артық болуы тиіс.»;

12, 13 және 14-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:

«12. Қатысушы кәсіпорынды банкрот деп тану туралы кредит берушілердің талап арыз беруіне мораторийді көздейтін жеделдетілген оңалту рәсімін енгізу туралы сот шешімін алғаннан кейін субсидиялау жөніндегі операторға Сауықтыру кеңесінің оңалту (сауықтыру) жоспарын мақұлдау туралы шешімінің, оңалту (сауықтыру) жоспарына сәйкес жүргізілген қайта құрылымдауды ескере отырып, қатысушының қарыз алуын өтеу кестелерінің негізінде жасалған өтеу кестелерін қоса алғанда, субсидиялау шарты жобасының көшірмелерін қоса, осы Қағидаға 1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша субсидиялауға өтінім береді. Өтеу кестесіндегі субсидиялау сомалары мемлекеттің тарапынан қолдау шарасы ретінде оңалту (сауықтыру) жоспарында көрсетілген пайыздық ставканы субсидиялау мөлшеріне негізделе отырып, есептеледі. Бұл ретте әрбір қатысушыға және кредиторға қатысты өтеу кестесінде көзделген субсидиялардың жалпы көлемі осы қатысушыға және кредиторға қатысты оңалту (сауықтыру) жоспарында көзделген субсидиялардың жалпы көлемінен аспауы т и і с .

Субсидиялауға арналған өтінімді Бағдарламада белгіленген жағдайларда кәсіпорынды банкрот деп тану туралы кредит берушілердің талап арыз беруіне мораторийді көздейтін жеделдетілген оңалту рәсімін енгізу туралы сот шешімін ұ с ы н б а с т а н б е р у г е б о л а д ы .

13. Қатысушы субсидиялауға өтінім берген күнінен бастап он жұмыс күні ішінде осы Қағидаға 2-қосымшаға сәйкес нысан бойынша оның негізінде субсидиялау жөніндегі оператор сыйақының пайыздық ставканың субсидияланатын бөлігін, ал қатысушы - сыйақының пайыздық ставкасының субсидияланбайтын бөлігін төлейтін өтеу кестесін қоса бере отырып, субсидиялау шарты жасалады. Субсидиялау шарты жасалған сәттен бастап есептелген сыйақы субсидиялауға жатады. Қаржы ұйымы субсидиялау шарты жасалған сәттен бастап бір күн ішінде арнайы ағымдағы шотты ашады.

Субсидиялау шартына қол қойылғаннан кейін оңалту (сауықтыру) жоспарына кейіннен Сауықтыру кеңесінде қараусыз және мақұлдаусыз кредиторлар комитетінің шешімімен бекітілетін субсидиялау шартының ажырамас бөлігі болып табылатын өтеу кестесіндегі іс жүзінде көрсетілген соманы есепке ала отырып, өзгерістер және (немесе) толықтырулар енгізіледі. Бұл ретте, кредиторлар мен меншік иелері тарапынан шаралар азайтылуға жатпайды.

Өтеу кестесіне субсидиялау шартына қосымша келісім жасау жолымен өз г е р і с т е р м ы н а д а й :

1) оңалту (сауықтыру) жоспарына өзгерістер және (немесе) толықтырулар е н г і з і л г е н ;

2) егер мемлекет тарапынан қолдау көрсету шаралары ұлғайтылмаған жағдайда, оңалту (сауықтыру) жоспарына өзгерістер және (немесе) толықтырулар енгізбей, кредит берушілер мен меншік иелері тарапынан қосымша қолдау шаралары көрсетілген жағдайда енгізілуі мүмкін.

14. Субсидиялау жөніндегі оператор Бағдарламаға қатысушы ұсынған субсидиялауға арналған өтінімнің негізінде осы Қағидаға 3-қосымшаға сәйкес нысан бойынша субсидиялауға ақшалай қаражатты аударуға өтінімді қалыптастырады және субсидиялау шарты жасалған күннен кейінгі күннен кешіктірмей уәкілетті органға береді.

Осы Қағиданың 22-1-тармағында көзделген ережелерді есепке ала отырып, субсидиялау жөніндегі оператордың өтінімі уәкілетті органға алдағы үш айда қаржы ұйымына аударуға жататын сомаға беріледі.»;

16, 17 және 18-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:

«16. Субсидиялау жөніндегі оператор субсидиялау үшін ақша қаражаттын қаржы ұйымдарына арнайы ашылған ағымдағы шоттарға тоқсан сайын аванстық төлемдермен, алдағы тоқсандағы айдың бірінші күніне дейінгі мерзімде, оның ішінде уәкілетті органның ақша қаражаттын уақтылы аударуы шартымен қатысушылардан өтінімдердің түсуіне қарай аударарды.

Аталған тәртіп облигациялар бойынша купонды субсидиялауға, сондай-ақ төлем көзінен ұсталынатын салық бойынша міндеттемелер пайда болған жағдайына қолданылмайды.

17. Қатысушы кредит немесе лизингтік операциялар бойынша сыйақының пайыздық ставкасының субсидияланбайтын бөлігін төлеген кезде өтеу кестесіне сәйкес қаржы ұйымы субсидиялау жөніндегі оператордың ағымдағы арнайы шотынан ақшалай қаражатты қатысушыдан төлем түскен күні сыйақының пайыздық ставкасының субсидияланатын бөлігін өтеу есебіне шығаруды жүзеге асырады.

Облигациялар бойынша купонды субсидиялау кезінде субсидиялау жөніндегі оператор сыйақының пайыздық ставкасының субсидияланбайтын бөлігін қатысушының төлеуі туралы облигация ұстаушыдан жазбаша хабарлама алғаннан кейін екі жұмыс күні ішінде уәкілетті орган ақшалай қаражатты уақытында аударған жағдайда өтеу кестесіне сәйкес облигацияларды ұстаушының ағымдағы шотына ақшалай қаражатты аударарды.

Төлем көздерінен ұсталатын салық бойынша міндеттемелер пайда болған жағдайда кредит немесе лизингтік операциялар, облигациялар купоны бойынша сыйақы ставкаларын субсидиялау кезінде салықты есептеу, ұстау және аудару бойынша салық агенті қатысушы болып табылады. Бұл ретте, субсидиялау

жөніндегі оператор қатысушының ағымдағы шотына өтеу кестесіне сәйкес мерзімдерде және көлемінде ақша қаражатын аударарды.

18. Қаржы ұйымы субсидиялау жөніндегі операторға қатысушының төлемдерді өтеу кестесіне сәйкес төлегені немесе қатысушының өтеу кестесін бұзғаны туралы осы Қағидаға 4-қосымшаға сәйкес нысан бойынша төлем күнінен кейінгі күннен кешіктірмейтін мерзімде жазбаша хабардар етеді.»;

20 және 21-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:

«20. Қатысушы кредит, лизингтік операциялар немесе облигациялар бойынша купон, оның ішінде өтеу кестесінде көрсетілген мерзімдерде сыйақы ставкасының субсидияланбайтын бөлігі бойынша төлемді төлемеген жағдайда:

1) қаржы ұйымы қатысушы берешекті өтегенге дейін субсидиялау жөніндегі оператордың ағымдағы арнайы шотынан субсидиялау үшін (субсидиялау жөніндегі оператор облигацияларды ұстаушының немесе қатысушының ағымдағы шотына ақшалай қаражатты аударуды тоқтатады) ақшалай қаражатты есептен шығармайды және өтеу кестесі бойынша төлем жүргізілген күннен кейінгі күннен кешіктірмей бұл туралы субсидиялау жөніндегі операторға х а б а р л а й д ы ;

2) кредит немесе лизингтік операциялар бойынша ставканы субсидиялау кезінде қатысушының кредит, лизингтік операциялар бойынша төлемді, оның ішінде сыйақының пайыздық ставкасының субсидияланбайтын бөлігін өтеу кестесінде көрсетілген мерзімде төлемегені туралы хабарламасын алған күні субсидиялау жөніндегі оператор қаржы ұйымының сыйақының пайыздық ставкасының субсидияланатын бөлігін төлеуді тоқтата тұрады және ол туралы уәкілетті органды хабардар етеді;

3) облигациялар бойынша купонды субсидиялау кезінде - субсидиялау жөніндегі оператор облигация ұстаушының қатысушының облигациялар жөніндегі купон бойынша төлемді, оның ішінде өтеу кестесінде көрсетілген мерзімдерде субсидияланбайтын бөлігін төлемегені туралы хабарлама алған күні бұл туралы уәкілетті органды хабардар етеді.

21. Қатысушы кредит, лизингтік операциялар немесе облигациялар жөніндегі купон бойынша, оның ішінде сыйақы ставкасының субсидияланбайтын бөлігі бойынша мерзімі өтіп кеткен төлемдерді өтеу кестесіне сәйкес толық төлеген жағдайда, қаржы ұйымы мерзімі өткен төлемдерді толық төлеген күннен кейінгі күннен кешіктірмей бұл туралы субсидиялау жөніндегі операторға жазбаша хабарлайды. Кейіннен субсидиялау жөніндегі оператор қаржы ұйымының хабарламасын алған күннен кейінгі күннен кешікпейтін мерзімде бұл туралы уәкілетті органға х а б а р л а й д ы .

Уәкілетті орган субсидиялау жөніндегі оператордан жазбаша хабарлама алған сәттен бастап оған сыйақының пайыздық ставкасының субсидияланатын бөлігі

бойынша төлемдерді қалпына келтірілгені туралы, оның ішінде кредит, лизингтік операциялар немесе облигациялар жөніндегі купон бойынша мерзімі өтіп кеткен төлемдер кезеңі бойынша да жазбаша хабарлама жібереді.

Бағдарламаның іске асырылуын мониторингілеу барысында қатысушының кредит, лизингтік операциялар немесе облигациялар жөніндегі купон бойынша, оның ішінде өтеу кестесі бойынша сыйақы ставкасының субсидияланбайтын бөлігі бойынша мерзімі өтіп кеткен төлемдерді субсидиялау бөлігінде күнтізбелік тоқсан күннен астам төлемеуі анықталған жағдайда, субсидиялау жөніндегі оператор ол туралы уәкілетті органға хабарлайды. Уәкілетті орган қатысушыны Бағдарламадан шығаруды бастамашылық етеді.

Сауықтыру кеңесінің қатысушыны Бағдарламадан шығару туралы шешімінің негізінде Сауықтыру кеңесінің жұмыс органы субсидиялау шартын бұзады және кредиторлардың кәсіпорынды банкрот деп тану туралы талап арыздарды беруіне мораторийді көздейтін жеделдетілген оңалту рәсімін жою туралы өтінішпен сотқа жүгінеді және оңалту (сауықтыру) жоспарын орындау шеңберінде субсидиялауға, оның ішінде консультанттардың қызметтеріне ақы төлеуді бірлесіп қаржыландыруға тартылған бюджет қаражатын өндіріп алу жөніндегі шараларды қабылдайды, сондай-ақ банкроттау рәсіміне бастамашылық жасай а л а д ы .

Кәсіпорынды банкрот деп таныған жағдайда, оңалту (сауықтыру) жоспарын орындау шеңберінде субсидиялауға, оның ішінде консультанттардың қызметтеріне ақы төлеуді бірлесіп қаржыландыруға да тартылған бюджет қаражаты банкроттық туралы заңнамада белгіленген тәртіппен республикалық бюджетке өндіріп алуға жатады.»;
мынадай мазмұндағы 22-1-тармақпен толықтырылсын:

«22-1. Егер қатысушының өтеу кестесін орындамауына байланысты субсидиялау жөніндегі оператордың арнайы есеп немесе ағымдағы шотында тұрған қаражат кезең ішінде қатысушының кредиті, лизингтік операциялары немесе облигациялар жөніндегі купоны бойынша сыйақы ставкасын субсидиялауға бағытталмаған жағдайда, субсидиялау жөніндегі оператор уәкілетті органның жазбаша келісімімен оларды кезекті кезеңге басқа қатысушылардың кредиті, лизингтік операциялары немесе облигациялар жөніндегі купоны бойынша сыйақы ставкасын субсидиялауға қайта бағыттайды. Уәкілетті орган қаражатты қайта бағыттауға келіскен жағдайда, субсидиялау үшін ақша қаражатын аударуға кезекті өтінім осы сомаға қысқартуға жатады.»;

23-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«23. Қатысушы кредит және (немесе) лизингтік операциялар бойынша негізгі қарызды ішінара (толық) мерзімінен бұрын өтеген кезде, облигацияларды ішінара (толық) сатып алған жағдайда қаржы ұйымы бұл туралы субсидиялау

жөніндегі операторды және уәкілетті органды төлем жасалған жұмыс күнінен кейінгі күннен кешіктірмей хабардар етеді.»;

25-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«25. Субсидиялау мынадай:

Бағдарламаға сәйкес Сауықтыру кеңесінің шешімі бойынша қатысушы Бағдарламадан шығарылған;

қатысушы кредит және/немесе лизингтік операциялар бойынша негізгі борышты мерзімінен бұрын ішінара (толық) өтеген, облигацияларды мерзімнен бұрын толық сатып алған жағдайларда тоқтатылады.»;

көрсетілген Қағидаға 2-қосымшада:

1.1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«1.1. Осы шарттың ажырамас бөлігі болып табылатын өтеу кестесіне сәйкес қатысушының қаржы ұйымына (облигацияларды ұстаушыға) кредиттер және (немесе) лизингтік операциялар бойынша сыйақы, облигациялар бойынша купон ретінде төлейтін шығыстарды ішінара өтеуге арналған ақша қаражатын (бұдан әрі – сыйақының пайыздық ставкасын субсидиялау) компанияның қаржы ұйымына (облигацияларды ұстаушыға немесе қатысушыға) төлеуді жүзеге асыруы.» ;

2.2-тармақтың 7) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

«7) мынадай :

Сауықтыру кеңесінің шешімі бойынша қатысушы Бағдарламадан шығарылған ;

қатысушы кредиттер және (немесе) лизингтік операциялар бойынша негізгі берешегін толық (мерзімінен бұрын толық) өтеген, облигацияларды мерзімінен бұрын толық сатып алған жағдайларда субсидиялар төлеуді тоқтатуға міндетті.»;

2.4 - тармақта :

мынадай мазмұндағы 2-1) тармақшамен толықтырылсын:

«2-1) кредит немесе лизингтік операциялар, облигациялар купоны бойынша сыйақы ставкаларын субсидиялау кезінде төлем көзінен ұсталатын салық бойынша міндеттемелер туындаған жағдайда, Министрліктен ақша қаражаты уақтылы түскен кезде өтеу кестесіне сәйкес қатысушының ағымдағы шотына сыйақы ставкасын субсидиялау үшін ақша қаражатын аударуға;»;

3) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

«3) қаржы ұйымынан (облигациялар ұстаушыдан) қатысушының кредит, лизингтік операциялар немесе облигациялар жөніндегі купон бойынша төлемді, оның ішінде сыйақы ставкасының субсидияланбайтын бөлігін өтеу кестесінде көрсетілген мерзімде уақтылы төлемегені туралы хабарламаны алған күні сыйақының пайыздық ставкасының субсидияланатын бөлігін қаржы ұйымына (облигациялар ұстаушыға немесе қатысушыға) төлеуді тоқтатуға және

Министрлікті

хабардар

етуге;»;

2 . 8 - т а р м а қ т а :

мынадай мазмұндағы 1-1) тармақшамен толықтырылсын:

«1-1) кредит немесе лизингтік операциялар, облигациялар бойынша купон бойынша сыйақы ставкасын субсидиялау кезінде төлем көзінен ұсталатын салықтар бойынша міндеттемелер туындаған жағдайда, қаржы ұйымына немесе облигацияларды ұстаушыға өтеу кестесінде көзделген ақшалай қаражатты, оның ішінде Компаниядан алынған, сыйақы ставкасын субсидиялауға арналған сомаларды аударуға. Ақшалай қаражат төлем көзінен ұсталатын салықтар шегеріліп, төлем кестесіне сәйкес аударылады;»;

4) тармақшадағы «қайтаруға міндетті.» деген сөздер «қайтаруға;» деген сөзбен ауыстырылып, мынадай мазмұндағы 5) тармақшамен толықтырылсын:

«5) кредит немесе лизингтік операциялар, облигациялар бойынша купон бойынша сыйақы ставкаларын субсидиялау кезінде төлем көзінен ұсталатын салықтар бойынша міндеттемелер туындаған жағдайда, төлем көзінен ұсталатын салықтарды есептеу, ұстап қалу және аудару бойынша салық агенті болуға м і н д е т т і . » ;

ескертпе мынадай редакцияда жазылсын:

« Е с к е р т п е :

1) облигациялар бойынша купонды субсидиялау кезінде шарттан 2.6-тармақтың 1-1), 2), 2-1), 4), 6) тармақшалары алып тасталады;

2) кредит немесе лизингтік операциялар, облигациялар бойынша купон бойынша сыйақы ставкаларын субсидиялау кезінде төлем көзінен ұсталатын салықтар бойынша міндеттемелер туындаған жағдайда, шарттан 2.4-тармақтың 2) тармақшасы, 2.6-тармақтың 1-1), 2), 2-1), 4), 6) тармақшалары, 2.7-тармақ алып тасталады.».